



ТІЛ ӘЛЕМІ

МИР ЯЗЫКОВ WORLD OF LANGUAGES

ГАЗЕТ 1997 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР
АЙЫНДА ҚҰРЫЛҒАН
ГАЗЕТА ОСНОВАНО В АПРЕЛЕ
1997 ГОДА

№10 ЖЕЛТОҚСАН
(250) ДЕКАБРЬ

2025

85
ЖЫЛ
лем
Abai Khan University

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінен **ЖАНАЛЫҚТАР**

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ



қабілеттілігін арттыру бағытында көшенді шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Министрдің айтуынша, соңғы жылдары Қазақстан жоғары білім беруді интернационалдандыруда айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. Мемлекет басшысының стратегиялық көзқарасының арқасында республика аумағында шетелдің 40 жетекші жоғары оқу орнының филиалы ашылды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек әлемдік білім беру экокүйесінде болып жатқан терең өзгерістер мемлекеттерден стратегиялық әрі тұрақты шешім қабылдауды талап ететінін атап өтті, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі. Осыған байланысты елімізде ұлттық жоғары білім беру жүйесін дамыту және оның жаһандық бәсекеге

Олардың қатарында 9 ресейлік, 6 қытайлық (соның ішінде 3 «Лу Бан шеберханасы»), 7 америкалық, 8 британдық университет бар. Британдықтардың ішінде Russell Group тобына кіретін 3 университет және Ұлыбританияның төрт ұлтынан да өкілдер бар. Сондай-ақ, француз, итальян, неміс, поляк, түрік және корей жоғары оқу орындары Қазақстанда өз филиалдарын ашқан.

«Біз қазір Қазақстанның әлемдік жоғары оқу орындары үшін тартымды алаңға айналып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл – еліміздің жоғары білімді жаһандық кеңістікке интеграциялау және жаңа буын кадрларын даярлауға жағдай жасау бағытындағы жүйелі мемлекеттік саясаттың нәтижесі, — деді Саясат Нұрбек».

Саясат Нұрбек кейбір шетелдік университеттер өздерінің 150 жылдық тарихында алғаш рет ел аумағынан тыс жерде филиал ашып отырғанын және ол үшін Қазақстанды таңдағанын ерекше атап өтті.

Кездесуге 60-тан астам шетелдік серіктестер – жетекші университеттер мен ғылыми-білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Саясат Нұрбек, Ғылым және жоғары білім министрі

Қазақстан Үкіметі педагог даярлау ісіне бақылауды күшейтеді

Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен білім беру жүйесі үшін кадрлар даярлау мәселесіне арналған кеңес өтті.

Кеңес жұмысына ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушы Асқарбек Ертаев, сондай-ақ болашақ педагогтарды даярлауға маманданған жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Кездесудің негізгі тақырыбы педагогикалық білім беру сапасы және оған тікелей байланысты мектепке дейінгі және мектептегі оқытудағы өзекті мәселелер болды. Вице-премьерге Педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасын іске асырудың негізгі бағыттары мен нәтижелері баяндалды. Сонымен бірге ЭЫДҰ жүргізетін Халықаралық оқыту мен оқу зерттеуінің (TALIS) аясында дайындалған аналитикалық қорытындылар таныстырылды. Зерттеу кейінгі үш жылдағы педагогтарды даярлау жүйесін жаңғырту барысындағы оң өзгерістерді де, оның әлсіз тұстарын да көрсетті. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарындағы мұғалімдер мен тәрбиешілерді сапасыз даярлау фактілері мен мектеп түлектерінің жеткіліксіз дайындық деңгейі өзара байланысты мәселелер ретінде атап өтілді.

Сонымен бірге кеңес барысында функционалдық сауаттылықты арттыру, мұғалімдердің сыни ойлау мен цифрлық дағдыларын дамыту әдістемелерінен бастап, жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізудің нақты тетіктеріне дейінгі бірқатар мәселелер талқыланды.

Бұған қоса, бүгінгі таңда Қазақстанда бакалавриат деңгейінде педагог даярлау лицензиясы бар 52 жоғары оқу орны жұмыс істеп жатқанына қарамастан, кадр тапшылығының сақталып отырғаны ерекше атап өтілді.

Қордаланған мәселелерді еңсеру жөнінде салалық ведомстволар басшыларының көзқарастарымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарының басшыларының пікірлері де тыңдалды.

Өз кезегінде вице-премьер Аида Балаева қалыптасқан жағдайдың себептеріне назар аударды. Атап айтқанда, министрлік – өкімдік – жоғары оқу орны арасындағы тиімді ведомстволарлық өзара іс-қимылдың жоқтығын атады. Оның айтуынша, тек өзара үйлесімді және жүйелі жұмыс қана мектептерді қажетті мамандармен қамтамасыз етуге және өңірлердегі кадр тапшылығын алдын ала, тиімді түрде шешуге мүмкіндік береді. Ал бұл тапшылықтың негізгі факторы – еңбек нарығына жасалатын жан-жақты талдаудың болмауы.

«Кадр тапшылығына байланысты өңірлер бойынша қабылдау саясатын қайта қарау қажет. Кей жерлерде факультеттерге қабылдау көлемін арттыру керек. Егер бізге пән мұғалімдері, мысалы, математиктер жетіспесе – тиісті гранттар бөлу қажет. Жоғары оқу орындары еңбек нарығына бейімделуі тиіс. Жақын уақытта салада айтарлықтай өзгерістер орын алуы мүмкін. Айталық, жасанды интеллекттің дамуына байланысты бірқатар мамандық өзектілігін жоғалтады. Осыны ескере отырып, жоғары оқу орындары мен колледждер

нарықтың нақты қажеттіліктеріне сай жұмыс істеуі тиіс», — деді Аида Балаева.

Сондай-ақ ол педагогтарды даярлау сапасына тікелей әсер ететін практикаға бағдарланған оқытудың да маңызын атап өтті.

«Тәжірибесіз теорияның пайдасы жоқ. Маманның білімі тек оны іс жүзінде



қолданғанда ғана нәтижелі болады. Барлық жоғары оқу орындарының студенттердің практикалық дайындығын ұйымдастыруда тең мүмкіндігі болуы тиіс. Алайда бұл нақты әрі мұқият жоспарлауды талап етеді. Бүгінде біз болашақ мұғалімдерді дайындағанымызбен, жас мамандар диплом алған соң салада қалмайды. Бұл өз кезегінде кадр тапшылығын арттыра береді. Бұл мәселені шешу үшін күш біріктіруіміз керек. Қазір ведомстволар арасындағы өзара іс-қимыл бұрынғыдан да маңызды. Ортақ мақсат пен міндеттеріміз бар екенін ұмытпауымыз қажет», — деді вице-премьер.

Сөз соңында ҚР Премьер-министрінің орынбасары бірқатар нақты міндеттер мен хаттамалық тапсырмаларды атап өтіп, олардың мүмкіндігінше қысқа мерзімде орындалуының маңыздылығын баса айтты.

Біріншіден, салалық министрліктер жоғары оқу орындарымен бірлесіп отырып, Педагогикалық білімді дамыту тұжырымдамасын толықтырып, жасанды интеллект технологияларының қоғамдық өмірге белсенді еніп жатқанын ескеруі қажет.

Екіншіден, педагогтарды даярлау процесін практикалық бағытта күшейтіп, студенттердің өндірістік тәжірибесін республика көлемінде бір жүйеге келтіріп енгізу бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу керек.

Үшіншіден, мемлекеттік білім гранттарын қайта бөлу мәселесін қарастырып, оны міндетті түрде өңірлік қажеттіліктер мен түлектердің еңбекке орналасу нәтижелеріне сәйкестендіру қажет.

Төртіншіден, мектепке арналған оқулықтарды даярлау жүйесін қайта талдап, оған жетекші педагогикалық университеттердің міндетті түрде қатысуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Сонымен қатар вице-премьер жоғары оқу орындарын мемлекеттік идеологиялық жұмысты ілгерілетуде белсенді болуға шақырып, оның болашақ педагогтарды, әсіресе балабақша жүйесіндегі мамандарды даярлаудағы ерекше маңыздылығын атап өтті. Осы орайда, Ғылым және жоғары білім министрлігіне еліміздің барлық ЖОО-ларында Мемлекет басшысы бекіткен ішкі саясатты жүзеге асырудың жаңа қағидаларын тәрбиелік жүйеге енгізу жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылды.

#Білім беру #Президенттің тапсырмасы

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖТУ университетіне 85 жыл



Қазіргі университеттің негізі – Қазақ Мемлекеттік шетел тілдері мұғалімдері институты КСР Одағы халық комиссарлары Кеңесінің № 1696 қаулысымен 1940 жылдың 16 қыркүйегінде бекітілген болатын.

Оқытушылар құрамын іріктеу және студенттерді бірінші рет қабылдауға дайындық 1941 жылдың жазында басталды. Оқуға түсушілерге арналған дайындық курстары ашылды. Бірінші жылы студентке 231 адам, соның ішінде: 113 адам – ағылшын тілі факультетіне, 97 адам – неміс тіліне, 21 адам – француз тіліне қабылданды. Оқуға түсушілер арасында 94 адамның (40 %) 9 класс көлемінде білімі бар еді, 47 адам (20%) техникум бітіргендер, 20 %-дан астамы – онының класты, ал қалғандары жоғары немесе аяқталмаған жоғары білімді болды. Алғашқы жылғы студенттерде –14 оқу тобы: 6 -ағылшын, 6-неміс және 2 – француз тобы болды.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысы басталған кезде институт, барлық басқа оқу орындары сияқты, өзінің оқу жұмысын әскери кезеңнің талаптарына сәйкес құра бастады. 1941 жылдың 14 шілдесі күнгі институт бойынша № 18 бұйрықта сол кездің талаптарына сәйкес барлық оқытушылар мен қызметкерлерге бөріне бірдей – әуе шабуылына қарсы және химияға қарсы қорғаныс нормаларын тапсыру міндеттелген. Сонымен бірге мұғалімдер мен қызметкерлерді Қызыл Армия мен Әскери-теңіз флотына жұмылдыру жүріп жатты. 1941 жылдың қазан-желтоқсан айларында студенттер де әскери комиссариаттан шақыру қағаздарын ала бастады. Майданға институт директоры Ханахмед Қара-Оғлы Меликов те аттанды. Қазақстанда білім алған әзірбайжан ұлтының өкілі, ол барлық кеңес адамдары сияқты, Кеңестік Отанын жек көретін жаудан қорғауды өзінің патриоттық парызы деп санады.

Әскери жағдайлар жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесін жетілдіруді талап етті. Жоғары мектепті әскери рельефтерге көшірудің алғашқы қадамдарының бірі жоғары мектептің әскери комиссариатының (ЖМӨК) жоғары оқу орындарындағы оқу мерзімін 5 жылдан 3,5 жылға дейін және 4 жылдан 3 жылға дейін қысқартқан жаңа оқу жоспарларын енгізуі болды. Әскери кезеңдегі оқу процесінің өзіне тән ерекшелігі оқу топтарының едәуір санын ірі топтарға /потоктарға/ біріктіру болды. Дәріс топтары бейбіт уақыттағыдан гөрі шағын топтарды біріктіру арқылы кеңейтілді. Жоғары курстардың шағын топтарының студенттеріне дәрістер орнына кафедралар ұсынған ақпарат көздері бойынша өзінің жұмыстар жоспарланды. 1941 жылдың қараша айында мемлекеттік қорғаныс комитеті (МҚК) жоғары оқу орындарының студенттері жалпыға бірдей әскери оқытудың 110 сағаттық бағдарламасы бойынша әскери дайындықтан өтетінін белгіледі. Сабақтарда соғыс тәжірибесі зерттелді. Бағдарламада медбикелер, әскери байланысшылар ретінде дайындалатын студенттердің әскери білімдерін жетілдіру қарастырылды.

Ұлы Отан соғысы студенттерді патриотизм, интернационализмге тәрбиелеуге және неміс - фашист басқыншыларына деген өшпенділік сезімдерін тәрбиелеуге ерекше назар аударма отырып, институттың ағымдағы міндеттермен байланысын күшейтуді талап етті.

Лингвистикалық мәселелерді қазіргі кезеңнің міндеттерімен байланыстыру үшін әрбір тіл факультетінде әскери аудармалар үйірмелері ұйымдастырылды. Сонымен қатар, үш терминологиялық комиссия құрылды, олардың алдына әскери сөздіктер жасау міндеті қойылды.

1941 жылдың соңында Қазақ мемлекеттік Шет тілдер мұғалімдері институтының бірінші жарғысы бекітілді. Институт ҚазКСР Халық ағарту комиссариаты бекіткен дербес оқу-ғылыми мекемесі ретінде бекітіліп, Казнаркомпростың жоғары мектеп басқармасына бағынатын болды. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламалары, кафедраларды құру КСР Одағы ХКК жанындағы ЖМБӨК (жоғары мектептің Бүкілодақтық комиссариаты) арқылы бекітілді.

1943 - 1944 оқу жылында екі курста 277 адам оқиды, аудармашылардың кешкі және жексенбілік курстары жұмыс істейді,

онда 200 адамнан тұратын әкімшілік және ғылыми қызметкерлер оқиды, институт 9 аудиторияда орналасты, сабақтар үш ауысыммен өтті. Институт жатақханасында академик И.М. Мещаниновтың, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі Черниковтың, профессорлар Глаголевтің, Палунскийдің және басқалардың отбасылары тұрған.

1944 жылдың сәуір айында Казнаркомпрос Қазақ мемлекеттік мұғалімдер институтын Қазақ мемлекеттік шет тілдер педагогикалық институты етіп қайта құру туралы ұсыныс дайындады. ВКВШ КСРО ХКК мен БКП (б) Орталық Комитетінің тиісті қаулысы қабылданғанын хабарлады.

Мұғалімдер институтын педагогикалық институтқа айналдырғаннан кейін оқу процесі ЖМБӨК (жоғары мектептің Бүкілодақтық комиссариаты) оқу жоспары бойынша жүргізілді. Оқытылатын тіл елдерінің тарихы, КСРО халықтарының тарихы, орыс тілінің нормативтік курсы сияқты пәндер оқытылатын болды. Қазақстан Халық Комиссариатының ұсынысы бойынша Қазақ тілі енгізілді.

1945 жылдың көктемінде Алматы шет тілдері педагогикалық институтында алғашқы бітіру емтихандары өтті.

1946 - 50 жылдары институт өзінің алғашқы бітірушілерімен толықтырыла бастады. Оқытушылар Н.А. Фрязинова, М.М. Аширбекова, Р.А. Беккер, М.Ж. Тәттібаева, К.Т. Джусупова, В.В. Бажанова, Ж.К. Қуанышбаева жұмысқа қабылданды.

50-ші жылдары ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмысты күшейту бойынша жігерлі шаралар қабылданды. Төрт оқытушы кандидаттық диссертациясын қорғады, үшеуі - докторлық диссертациямен жұмыс істеді, тоғызы - кандидаттық диссертациямен жұмыс істеді.

Материалдық-техникалық базаны жақсарту мақсатында 1958 жылдан 1961 жылға дейін АПИИЯ Абай атындағы ҚазПИ-дің құрамына кірді.

1963 жылдың мамыр айында институт бір бейінді - шет тілі мамандығымен 4 жылдық оқуға ауыстырылды. Бұған дейін түлектер бес жылдық оқу мерзімімен екі мамандық бойынша (шет тілі мұғалімі және орыс немесе қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі) даярланды.

Жылдан жылға оқытушылар саны артты. 1970 жылға қарай олардың саны 265 болды. Ғылыми дәрежесі бар педагогтар саны артты.

1967-69 жылдары бір докторлық және 11 кандидаттық диссертация қорғалды. Осындай қысқа уақыт ішінде жоғары білікті оқытушылар санының мұндай өсуі бұрын соңды болмаған еді. Үздік түлектер институт оқытушыларының құрамына кіре бастады. Олардың арасында: С.Е. Исабеков, М.К. Исаев, К.Т. Рсалдинов, В.А. Николайшвили, А.А. Юлдашходжаев, Л.П. Жантлессова, Г.Т. Сманова, Д.Б. Укбаев, Н.С. Бондарчук, Г.Р. Давлетова тағы басқалар болды.

Институттың қалыптасуы мен дамуына профессорлар А.К. Канапін, М. М. Копыленко, А. А. Комаров, А.Х. Хасенов үлкен үлес қосты.

Тәуелсіз және Егемен Қазақстан Республикасының білім алуына, тіл туралы Заңның қабылдануына байланысты оқу жоспарлары қайта қаралды, болашақ мұғалімнің тілдік және лингво-елтану құзыретін қалыптастыру мақсатында елеулі өзгерістер енгізілді. «Қазақ тілі» (2-ші Мамандық) мамандығы бойынша қазақ әдебиетін, халық педагогикасын, қазақ ағартушыларының еңбектерін оқыту енгізілді.

Бірнеше рет өткен талқылаулардан кейін университеттің Ғылыми кеңесі профессорлар С.С. Құнанбаева мен С. Д. Кенжебаевқа ҚР Президентіне институт базасында жаңа халықаралық қатынастар оқу орнын құру туралы хат дайындауды тапсырды.

1993 жылдың 23 маусымында Қазақстан Республикасының Үкіметі Алматы шет тілдер педагогикалық институтын Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университеті етіп қайта құру туралы қаулы қабылдады.

Бес жыл ішінде (1992-1997) ҚазМӨТУ өз қызметінде Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласы үшін түрлі бейіндегі мамандарды даярлайтын бірегей білім беретін және ғылыми орталыққа айналды, сонымен бір мезгілде мектептер мен ЖОО-лар үшін шет тілдері оқытушыларын даярлауда жетекші жоғары оқу орны болып қала берді.

Университет профессорлары мен оқытушыларының ұжымы сапалы өсіп, өзгерді. 1996 жылдың 1 қазанына профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 451 адам, университет құрамында 13 ғылым докторы, профессорлар, доценттер - 92, ғылым кандидаттары - 125 болды ...

Мақаланы дайындағандар: Т.А. Кульгильдинова, А.Т. Мергенбаева, С.З. Темиргалиева

Жалғасы келесі санда

ИСТОРИЯ УНИВЕРСИТЕТА В ЛИЦАХ

к 85-летию КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Алексей Иванович Кузнецов – педагог фронтового поколения

Алексей Иванович Кузнецов (1909 г.) - кандидат исторических наук, доцент, участник Великой Отечественной войны и один из тех педагогов, которые стояли у истоков казахстанской системы образования. Выходец из крестьянской семьи, он прошёл путь от Акмолинского педагогического техникума и Казахского государственного университета (ныне КазНПУ имени Абая) до руководства одним из ведущих вузов страны.

Педагогическую деятельность Алексей Иванович начал в 1935 году на рабочем факультете (рабфаке) при Казахском педагогическом институте имени Абая. Уже через два года он возглавил Учительский институт этого же вуза, совмещая административную и преподавательскую работу.

В 1941 году поступил в аспирантуру Казахского филиала Академии наук СССР, но с началом войны был мобилизован в ряды Советской армии. Сражался в составе легендарной 8-й Гвардейской Панфиловской дивизии.

После демобилизации А.И.Кузнецов вернулся к научной и педагогической деятельности и возглавил отдел истории Отечественной войны в Институте истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР.

Осенью 1946 года по приказу Народного Комиссариата просвещения Казахской ССР А. И. Кузнецов был назначен директором Алма-Атинского педагогического института иностранных языков, сменив на этом посту Варвару Фёдоровну Фисенко. На новой должности он активно развивал академические традиции института, уделяя особое внимание качеству преподавания и подготовке кадров, продолжая при этом вести занятия на кафедре марксизма-ленинизма.

В 1950 году А. И. Кузнецов успешно защитил кандидатскую диссертацию, внесшую вклад в развитие исторической науки и совершенствование педагогической подготовки в послевоенном Казахстане.

Имя Алексея Ивановича Кузнецова занимает достойное место в истории Алма-Атинского педагогического института иностранных языков, как человека, сумевшего объединить фронтовую стойкость, научную целеустремлённость и преданность делу образования.



Павел Михайлович Пахмурный - историк, педагог и руководитель.

Павел Михайлович Пахмурный - доктор исторических наук, профессор, заслуженный деятель науки Казахской ССР. Он принадлежал к поколению, которое закладывало основы современной гуманитарной школы страны.

Павел Михайлович Пахмурный, родом из Полтавы (1915), с юности уверенно шел к своему призванию - служению науке и педагогике. После окончания Харьковского педагогического института в 1937 году он начал преподавательскую деятельность, которая была прервана войной: с 1937 по 1946 год Павел Михайлович служил на военно-политических должностях и участвовал в Великой Отечественной войне.

Послевоенные годы стали началом его большой работы в Казахстане. В 1946–1956 годах он возглавлял кафедру марксизма-ленинизма Алма-Атинского педагогического института иностранных языков, а в 1951 году был назначен директором института. Этот период стал важным этапом укрепления образовательной базы, совершенствования методики преподавания и подготовки высококвалифицированных кадров.

В 1956 году перешел на работу в Институт истории при Академии наук КазССР, где исследовал историю Казахстана и развитие образовательных и культурных процессов. Защитив докторскую диссертацию и получив звание профессора, в 1972 году избран членом-корреспондентом Академии наук. В 1980 году он был удостоен премии имени Чокана Валиханова Академии наук Казахской ССР за цикл работ о казахских просветителях.

Павел Михайлович Пахмурный внес заметный вклад в развитие казахстанской науки и образования. Его энергия, научная добросовестность и организаторский талант помогли сформировать ту основу, на которой университет развивается и сегодня.



Тулеш Исакович Исаков — педагог, руководитель и государственный деятель

Исаков Тулеш Исакович (1916г.) — кандидат педагогических наук, государственный и общественный деятель, посвятивший жизнь развитию системы образования Казахстана.

В 1941 году окончил химический факультет Казахского государственного университета (ныне КазНУ имени аль-Фараби). В годы Великой Отечественной войны служил в Архангельском военном округе, преподавал в военном училище.

После демобилизации Тулеш Исакович работал в аппарате Центрального Комитета Коммунистической партии Казахстана, курировал вопросы школьного и вузовского образования, позднее стал помощником секретаря ЦК КПК по пропаганде.

С октября 1950 по январь 1956 года занимал должность заместителя министра просвещения Казахской ССР, где активно содействовал укреплению кадрового потенциала и повышению качества образования.

В январе 1956 года Тулеш Исаков был назначен директором Алма-Атинского педагогического института иностранных языков. Этот период стал важным этапом в истории вуза: расширялась учебно-научная база, совершенствовались образовательные программы, укреплялась материально-техническая база.

Под его руководством институт закрепил репутацию ведущего учебного заведения, готовившего квалифицированных преподавателей иностранных языков.

После слияния института с Алматинским государственным университетом имени Абая, в 1960–1963 годах Тулеш Исаков продолжал работать в партийных органах, отвечая за науку, идеологию и образование.

Тулеш Исакович Исаков вошёл в историю как один из педагогов, стоявших у истоков учебной школы и участвовавших в формировании будущих специалистов.



Ажар Хакимовна Ибраева - педагог, ректор және қоғам қайраткері

Ажар Хакимовна Ибраева 1928 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Туркестан облысы Сарыағаш ауданы мектебін бітіргеннен кейін ол Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны үздік бағамен аяқтады. Сол кезеңде Ажар Хакимовна Коммунистік партияға мүше болды.

Өз еңбек жолын өз институтында бастап, он жылдан астам уақыт марксизм-ленинизм кафедрасында сабақ берді. Сол уақытта оның комсомолдық қызметі де қарқынды дамып, ұйым басшылығынан бастап Алма-Ата қалалық комсомол комитетінің, кейін Қазақстан комсомолының Орталық комитетінің хатшысы қызметіне дейін көтерілді.

Айтарлықтай белес ректорлық қызмет кезеңі болды. 1950 жылдардың соңынан бастап Ажар Хакимовна Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық институтын басқарды, кейін - Алматы шет тілдері институтына жетекшілік етті. Бұл лауазымдарда ол ұйымдастырушылық талант пен стратегиялық көзқарастың ерекше үйлесімін көрсетті: ғылыми мектептерді нығайтты, кадрлық әлеуетті қалыптастырды, академиялық мүмкіндіктерді кеңейтті. Оның еңбегінің арқасында Алма-Ата педагогикалық шет тілдер институтының жаңа оқу корпусы салынды, бұл институттың материалдық базасын айтарлықтай күшейтті.

Кейінгі жылдары Ажар Хакимовна Қазақ КСР Жоғарғы және орта арнаулы білім министрлігінің коллегиясында жұмыс істеді, кейін Алматы шет тілдері институтының КОКП тарихы кафедрасының аға оқытушысы қызметіне ауысты. Ол кандидаттық диссертация қорғап, отандық тарихи және педагогикалық ғылымға елеулі үлес қосқан 30-дан астам ғылыми және әдістемелік еңбектерді дайындады.

Мемлекет оның еңбегін жоғары бағалады: Ажар Хакимовна «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі грамотасымен және Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы сыйлығымен марапатталды. Ол екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, сондай-ақ Алматы қалалық және аудандық мәслихат депутаттығын атқарды.

Ажар Хакимовна Ибраева Қазақстан білім беру тарихында айқын із қалдырды. Оның энергиясы, мамандығына адалдығы және ерекше ұйымдастырушылық қабілеті күшті педагогикалық дәстүрлерді қалыптастыруды жалғастырып, жаңа ұстаздар буынын шабыттандыруда.

Нұрымбек Жәнділдин — философ, педагог, ректор

Нұрымбек Жәнділдинұлы Жәнділдин (1918-1990) — философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті. Ол қазақстандық философия мен білім беру тарихында айтулы із қалдырды.

Семей облысында дүниеге келген. 1941 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін үздік дипломмен бітірді. 1941-1944 жылдар аралығында Қарағанды облысының партия және комсомол органдарында ұйымдастыру жұмыстарымен, насихат және үгіт-насихат мәселелерімен айналысты. 1946 жылы БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебін, ал 1949 жылы БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын бітіріп, философия ғылымдарының кандидаты диссертациясын қорғады.

Кейінгі жылдары Жәнділдин ғылыми және өкімшілік жұмыстарды қатар алып жүрді: Республикалық партия мектебінің кафедрасын басқарды, Қазақ КСР Ғылым академиясының философия секторына жетекшілік етті, Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы ғылым және мәдениет бөлімдерін басқарды, сондай-ақ Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының директоры болды. Осы қызметтерде ол жоғары білім беру жүйесін дамытумен, ғылыми жұмыстарды жетілдірумен және кадрлар тәрбиелеумен, республиканың ғылыми және идеологиялық саясатын қалыптастырумен айналысты.

1957 жылғы 12 қаңтардан 1965 жылғы 11 маусымға дейін Қазақстан КП Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып, ғылым, білім және мәдениет мәселелеріне жетекшілік етті. 1961 жылы Қазақстан әйелдерінің I съезін өткізуге бастамашы болды.

1967 жылы Жәнділдин Қазақ педагогикалық шет тілдер институтын басқарып, бұл лауазымда 9 жылдан астам еңбек етті. Оның тұсында институттың бас оқу корпусының, спорт залы мен асханасының құрылысы аяқталды. Ол философиядан дәріс беруді басқарушылық және ғылыми қызметпен шебер ұштастыра отырып, институттың білім беру және ғылыми деңгейін нығайтты, әдістемелік жұмыс пен мамандар даярлау ісін дамытты. Жәнділдин 130-дан астам еңбек жариялады.

Оның жетекшілігімен институт оқытушылық мектеп пен мамандар даярлаудың берік негізін қалап, білім мен ғылым орталығы ретіндегі позициясын нығайтты. Бұл жетістіктер қазіргі Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-дің іргетасына айналды, ал оның есімі университет тарихында мәңгі қалды.

Т.А. Кульгильдинова, д.п.н., проректор по УМР,

Р. Дюсупова, к.п.н., пресс-секретарь КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Продолжение следует

Дипломатический визит Генерального Консула Исламской Республики Иран, Госпожи Сона Ахмади, в АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана»

9 декабря 2025 года состоялся визит вежливости нового официально назначенного Генерального консула Исламской Республики Иран в городе Алматы – Госпожи Сона Ахмади, ранее занимавшей должность советника министра иностранных дел Ирана по делам женщин.



Также в составе делегации прибыл Господин Хосейн Агазаде – атташе и руководитель Культурного центра при Генеральном консульстве Исламской Республики Иран в городе Алматы.

В ходе встречи состоялось знакомство представителей Генерального консульства Исламской Республики Иран в городе Алматы с руководством АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана». Обсуждены вопросы налаживания отношений и установления официальных связей между Генеральным консульством и Организацией образования, а также определены перспективы сотрудничества в области образования, науки и культуры.



Круглый стол «Независимость Республики Казахстан: ценности и символы»

12 декабря состоялся круглый стол на тему «Независимость Республики Казахстан: ценности и символы». Мероприятие было организовано в преддверии Дня независимости РК.

Организаторами мероприятия выступили Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК (ИФПР), Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылая хана, Клуб «Алматинский семинар Ассамблеи народа Казахстана», а также Клуб молодых ученых АНК города Алматы.

Модератором встречи выступил Мурад Шамилов, председатель Совета молодых ученых АНК города Алматы, старший преподаватель кафедры международных отношений КазУМОиМЯ имени Абылай хана.

инициатив и направлений дальнейшей работы. После презентации доклада о деятельности клуба участники круглого стола заслушали доклады экспертов и обменялись мнениями по ним. В своих докладах



Работа круглого стола открылась поздравительной речью генерального директора ИФПР Садвокасовой Айгуль Какимбековны, которая поздравила участников с государственным праздником и отметила, что за сравнительно короткие, но значимые 34 года Казахстан преодолел сложные вызовы, добился значительных успехов и заложил прочный фундамент для современной государственной структуры.

От имени ректора КазУМОиМЯ имени Абылай хана Салимы Сагиевны Кунанбаевой, участникам была передана поздравления от проректора университета по научно-инновационной деятельности Майры Уалиевны Успановой. В своей речи Майра Уалиевна подчеркнула важность укрепления национальной идентичности, а также ценностей и символов, составляющих основу независимости.

В ходе круглого стола был представлен доклад о деятельности клуба «Алматинский семинар Ассамблеи народа Казахстана». Это позволило участникам оценить динамику реализуемых клубом

эксперты затронули основные вопросы понимания независимости, её современных социально-гуманитарных последствий и перспектив развития государственности Казахстана. Глубина затронутых тем способствовала профессиональной и содержательной дискуссии, демонстрирующей важность междисциплинарного подхода к изучению ценностей и символов независимости.

В рамках мероприятия также состоялось награждением участников по результатам Конкурса на лучшую статью к 30-летию Ассамблеи народа Казахстана, организованного Советом молодых учёных АНК города Алматы.

В заключение круглого стола участники отметили важность продолжения изучения актуальных вопросов независимости и укрепления совместных научных инициатив.

МЕЖВУЗОВСКИЙ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ПО МЕДИАТИВНЫМ ПЕРЕГОВОРАМ ОБЪЕДИНИЛ СТУДЕНТОВ ВОСЬМИ ВЕДУЩИХ УНИВЕРСИТЕТОВ КАЗАХСТАНА

5 декабря 2025 года кафедра международного права организовала семинар-тренинг с участием Директора РОО «Международный правозащитный центр», тренера-медиатора международного класса, автора проекта «Жас келіссөз шеберлері» Жакупова Жандильды Ажигалиевича. Цель проведения семинар-тренинга заключалась в подготовке студентов к освоению технологий и методики медиативных переговоров, формированию навыков конструктивного взаимодействия, стратегий достижения взаимоприемлемых решений и эффективного урегулирования конфликтных ситуаций.



Мероприятие объединило студентов восьми ведущих вузов страны - Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Университета ТУРАН, Казахстанско-российского медицинского университета, Международного транспортно-гуманитарного университета, Казахского национального женского педагогического университета, ALT Университета имени М. Тынышпаева, Академии Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

Тренинг был организован в рамках подготовки команд, состоящих из пяти участников и руководителя от каждого вуза, к предстоящему городскому межвузовскому конкурсу «Молодые мастера переговоров», посвящённому 30-летию Ассамблеи народа Казахстана и Дню Независимости Республики Казахстан, проведение которого запланировано на 20 декабря 2025 года.

Наш университет на данном мероприятии представит команда, состоящая из студентов правового и международного

направлений, по руководством ассоциированного профессора кафедры международного права Меермановой Жулдыз Базарбековны:

- Арланұлы Ерулан (3 курс, ОП «6В04202 – Международное право»);
- Мәлсова Саидахон (3 курс, ОП «6В04202 – Международное право»);
- Сабит Ааян (4 курс, ОП «6В04201 – Юриспруденция»);
- Баймаханов Мейржан (3 курс, ОП «6В03101 – Международные отношения»);



– Жолшибек Санжар (3 курс, ОП «6В03101 – Международные отношения»).

В ходе практической части семинара тренер ознакомил студентов с этапами медиативного процесса, представил основные инструменты ведения переговоров, методы выявления интересов сторон, стратегии предотвращения конфликтной эскалации. Участники получили ценные практические навыки, освоили техники международной медиации и применили их при решении кейса, предложенного тренером.

Семинар-тренинг прошёл на высоком организационном уровне, способствовал развитию профессиональных компетенций студентов, расширению их практических знаний и повышению готовности к предстоящему конкурсу.

Желаем студентам достойно выступить на соревновании, продемонстрировать высокий уровень подготовки и эффективно применить приобретённые навыки!

Кафедра международного права

Интерактивная лекция для студентов факультета перевода и филологии

11 декабря 2025 года на Факультете Перевода и филологии КазУМОиМЯ имени Абылай хана состоялась лекция по дисциплине «Страноведение» для студентов 1 курса образовательной программы «6В02301 – Переводческое дело». Лекцию провёл гражданин США, в настоящее время являющийся руководителем программы «Flagmanship» в городе Алматы Эрол Алган. Лекция была проведена на тему: «American history: past and present».

Целью лекции стало углубление знаний студентов и развитие их страноведческих компетенций.

Спикер осветил ключевые этапы в истории США, в особенности роли Дня независимости и его значения для американской идентичности. Также Эрол уделил особое внимание Джорджу Вашингтону, Аврааму Линкольну и Франклину Делано Рузвельту и их роли в укреплении государства.



Студенты проявили высокий уровень активности, смогли задать интересующие их вопросы лектору и показали свою способность делать выводы. Интерактивный формат мероприятия способствовал повышению страноведческой компетентности и развитию навыков критического мышления обучающихся.

Мероприятие было организовано Кафедрой практики речи иностранных языков.

А.М. Куркимбаева,
Зав. кафедрой ПРИЯ, PhD, ассоц. проф.

Д. МЕНДЕШ АҒА – ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ АБЫЗЫ



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Еуразиялық Экономикалық академиясының академигі, «Жоғары оқу орнының Үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грантының иегері, Қазақстан жоғары мектебінің ардагер ұстазы, ТМД және Қазақстандағы экономика ғылымының классик ғалымдарының бірі – Исқалиев Мәңдеш Досмұханұлының ғылыми-педагогикалық өмір белестері туралы әссе жазу аса жауапты іс. Өйткені өзіне

ғылым мен оқытушылық жолда тәлімгер-ұстаз болған Тұлға туралы қалам тарту үлкен мәртебелі дүние. Мәңдеш Досмұханұлының еңбек ғұмырнамасына үңілсек, ел азаматы ретінде халық алдында екі ғасырдың жүгін арқалап келе жатқанының куәсіміз. Сонау КСРО дәуірінде дүние есігін ашып, білім алып, еліміздің мемлекеттік дәрежедегі жауапты қызметтерінде болған, Алматы қалалық және облыстық комсомол комитеттерінде қызмет атқарған, ҚазССР ғылыми зерттеу институтында ғылымға қадам басқан, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдап, экономика саласында кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғаған, 1970 жылдан бері Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде кафедра меңгерушісі бола жүре сол кездегі институт партия ұйымының хатшысы қызметін атқарған, 1986 жылғы оқиғада ұлтжандылық танытып, өр іске үрей емес үміт империясымен қарап, жастарға көміл жол сілтей білген Мәкең бізге азаматтықтың символы, өнеге мектебі болды десек артық айтпағандық.

Осындай уақыт пен кеңістік лабирентінің қайраткері болу өркімге бұйыра бермес өмір көдесі. Әсіресе, менің пенделік жадымда мықты сақталып қалғаны – 1986 жылдың 16 желтоқсанынан басталған қазақ баласының «жылаған жылдар» дәуірінде сіздің ұстанған елжандылық, ұлтын жан-тәнімен сүйген, жалтарып жалтақтамаған азаматтық позицияңыз. Міне, бұл Әйтеке бабаның сөзімен айтқанда «Өмірім өзгенікі...» дейтін тұғыры биік ұстаным. Сіздің осы бір мықты рухани қуатыңыздың жалыны болған, ел мүддесін – үн байрағы еткен тағлымыңызға Мың Тағзым!

Ал Егемен Қазақстан мемлекетінің экономикалық негізін қалаушылардың бірі ретінде атқарған қажырлы еңбегі өзінше бір құбылысқа теңерлік. Айтар балсақ, 45 жыл «саяси экономия», «халықаралық экономикалық қатынастар» кафедраларын басшылық етіп, «экономика», «мемлекеттік және жергілікті басқару», «менеджмент», «маркетинг» мамандықтары бойынша екі шет тілдерін меңгерген білікті мамандар дайындаудың бас-қасында болып, қажірлі еңбек етіп келеді. Осының өзі бір – ұлы өнеге, тәрбие мектебе дерсіз. Оны есі бар әр азамат ұмытпақ емес. Осы тұста қайратыңыз таусылмасын дер едік, Мәке аға!

Мәңдеш Досмұханұлының азаматтық болмысына келер боласқ, жарқын бейнелі, ақ жүрек, үлкенге сыйлы, кішіге қамқоршы, өз елің, Отаның шексіз сүйетін пассионар жан, туған халқына ерен еңбегі сіңген қадірлі де аяулы аға. Мәңдеш ағамыздың кісілік бейнесіне төменгі сипаттар дәл келеді деп санаймыз. Мәңдеш аға – болмысынан кісілікті жоғары қойған, шыншыл да әділ, көргені көп, өмірден тоқығаны мол, еңбекқор, ерекше қабілетті, жанашыр адам. Ағамыздың тұлғасында өмірге ашық көңілмен қарау, естіген сөзді дұрыс түсіну, адамдардың олқы, теріс істерін елемей, бет әлпеті ашусыз, мейірімді, атқарған ісі, қызметі тиянақты, сөйлеген сөздері әр уақытта шын жүректен шығады, бір сөзді мазмұнсыз екі қайталамайды, ашуға жол бермейді, реніш болатын жағдайдың алды-артын байыппен бағалап, ең негізгісі еш уақытта әділетсіздікке жол бермейді. Таза жүрекпен, тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа баулып отырады әлі де болса баулымақ. Жастарға үлгі болар қажырлы қайратыңыз сарқылмасын.

Мәңдеш Досмұханұлымен бірге қызмет еткен, өмірдің әртүрлі белестерінде жолыққан кез-келген адам ол кісіден көп қасиеттерді үйренгендіктерін айтып жүреді. Ағамыз, білім беру саласында бүгінгі күнге дейін орасан зор қызмет атқарды және болашақта да алғыр шәкірттер дайындай беретіндігі сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда Мәңдеш ағаның шәкірттеріне осындай ыстық сезімді, ілтипатты ұстаз-азаматтың жылы қабағы, кең дүниетанымы, ерен еңбегі бұйырды. Досмұханұлы Мәңдеш ағадан бізге дарыған қасиет – ерінбей еңбек ету, адалдық, шыншылдық, кішіпейіл мінез, кішіге қамқор, үлкенге ізетті болу. Ағамыз бізге кішіпейілділігімен, кісілігімен, ұстамдылығымен, байыптылығымен, биік мәдениеттілігімен, ойдың ұтымдылығымен, тауып айту қасиетімен, аз сөйлеп көп ойлау мінезімен, жасқа еркіндік беру білу, оның ойы мен сөзіне құлақ асу сияқты ұлағаттылығымен, білікті ұстаз ретіндегі көрегендігімен өнеге болып, бағыт-бағдар беріп отырады. Мәңдеш

аға өз дәрістерінде әр білім алушының ойлау еркіндігін, теориялық қисындылықты, ой айқындылығы мен деректілікті талап ететеді. Дарынды бала мен жас талаптарды тани біліп, ынталандырып отырады. Дәріскер ретінде ағамыз өз сабақтарында тек мәлімет беруші ғана болып қоймайтын, ең бастысы тыңдаушыға ой тастау, шешуін өзің ізде дейтін принципті ұстанады. Әр студенттің бойында аналитикалық сараптама жасау қабілетін шыңдай түсетін мықты әдіскер. Әр сабаққа жауапкершілікпен қарауға үйретті. Ағаның қызметінен ұстаздық ету үздіксіз ізденіс жетегінде болатынын анық байқаймыз. Өйткені, ғалым-ұстаз әр дәріске тыңғылықты дайындықпен, шығармашылық амалдар тұрғысынан келіп отырады.

Мәңдеш ағамыздың саяси экономия және экономика ғылымдарына қосқан үлесі орасан зор. 25 астам монографиялар мен оқулық және оқу құралдарының авторы, 200-ден астам ғылыми мақалалары жарық көрді, экономикалық терминдердің сөздіктері жариялаған. Міне, бұл Мәңдеш Досмұханұлының ғылым мәтрі ретіндегі ғылыми-теориялық тұрғыдағы шығармашылық қуатының әлеуеттік биігінің дәлелі болмақ.

Ағамыздың жүріп өткен жолына қарай отырып, тау тұлғалы ерен азамат деп бағалағымыз келеді. Өйткені сіз, көбінесе ар-намыстың, кісілік пен обал-сауаптың жолында жүрген азамат-қайраткердің санатынан бласыз. Үнемі адалдық пен әділдікті ойлайтын, соны көздің қарашығындай сақтайтын әрі бар пенде сол бір қасиетті сақтаса екен дейтін азаматтың бірісіз. Шындықпен сырласатын ағаның бірісіз. Бұл қасиеттер сіздің жаныңыздың серігі сияқты. Болмысыңыздағы осы бір бірегей қасиеттер біз үшін үлкен өнеге әрі зор қуатты үлгі. Сондықтан біз сізді жаны таза, рухы биік аға ретінде құрмет тұтамыз. Бүгінгі дүние қуған замана кеңістігінде сіздей рухани камертоны мықты азаматтың бар болғаны бізге зор медет.

Мұсылмандық түсінікте: «Өзін таныған адам Раббысында таниды», – дейтін ұстаным бар. Міне, осы ұстанымды сізден байқаймыз. Өзін-өзі игеру, өзін-өзі басқара білу – адам табиғатының ең маңызды қасиеті болып қала беретіндігін әрқашан сіздің ерен қасиеттеріңіз арқылы дәлелдеуге болатын сияқты. Имдылық пен адамгершілікті, сабырлық пен ұстамдылықты серік еткен аяулы аға Сіздей болмақ.

Ендігі бір ойға оралатыны – сіздің ғұмырыңыздың сәні мен мәнін келтіріп тұрған Раиса Жалғасқызы. Сізге Алла сыйлығы – егіз ғұмырнама. Тұғыры биік болсын. Раиса апамыз – дәл сіздің «қабырғаңыздан» жаралғандай, нағыз өзіңізге телінген, тел ғұмыр серігіңіз. Тіл-көзден аулақ қылғай! Раиса Жалғасқызы анамыз қазақ даналығындағы «Ер-азаматтың бақыты, әйелдің табанының астында» дейтін нақылды дәлелдей түседі. Ер-азаматтың төрдегі басын үнемі сол төрден тайдырмай – Рекеңнің басты ұстанымы да мақсаты болғаны анық. Оны көзімізбен көрдік, ақылға түйдік. Раиса апамыз – ақылды жар, жан сұлулықтың, биязылықтың, кеңдіктің, жарқын ана, өнегелі ұстаз бен ұлы тәлімгер символы. Мәкең ағамыз бен Раиса апамыз – жарасқан ғұмыр кейіпкерлері. Апамыз да жарты ғасыр ұстаздық қызмет атқарды. Алматы қаласындағы алғашқы №12 қазақ орта мектебінде 30 жылдан астам басшылық әрі оқытушылық қызмет атқарды. Менің көзімнің көріп, құламының естігені Раиса апамыз Мәке ағамыздың өмір жолында – ең басты оқырманы, ақылманы, сарапшысы, сыншысы, талдамгері, қосарманы, бір сөзбен айтқанда басты оппаненті, диалогиялық респонденті болғаны анық. Оның да жөні бар, өйткені Раиса Жалғасқызы – қазақ филологиясы шеберханасының ұстасы. Терең ой мен шебер тілдің иегері – апамыз ағамыздың ғылыми шығармашылығының алғашқы оқырманы да, сыншысы да бола білген аяулы жан. Тыңдарманның жанын тербететін қасиеті – Раиса апамыздың сөз саптау биік пәрмені, майда гендерлік стилі, сөйлемдерінің келісімді моральды-эмоционалдық бояуы, ойы терең сұпайы сөзі, ақылман лингвистикалық мінезі. Апамыздың тағы бір Ұлы қасиеті – ұят пен мейірбандылық «Алланың үні» деп білетін кізілік мінезі, ер азаматқа жанашыр жар бола білу әлеуеті, үлкен әулеттің өнегелі ұйытқысы, ақылман анасы бола білу қарым-қабілеті. Апамыз – ақ орданың киелі анасы, алтын қазығы. Иә, Раиса Жалғасқызы осы бір сулу да сымбатты жар-ана образы сізге мәңгі серік болып, ағамыздың ақылшысы, қамқоршысы бола беруден шаршамаңыз. Деніңіз сау, күйлі-қуатты болуыңызға Алла дәрменші болсын. Ағамыз екеуіңіз ұзақ ғұмырдың бастамашысы болыңыздар.

Құрметті Мәңдеш Досмұханұлы, мерейіңіз үстем болсын! Отбасыңызға, әулетіңізге береке бірлік тілейміз. Өзіңіздің денсаулығыңыз мықты болып, саналы ұрпақтың қызығын көріңіз. Сіздердің әлі қазақ ұлтына берерлеріңіз көп екендігіне сеніміміз мол. Межелі жасқа жете беріңіз, алар белесіңіз таусылмасын, мағыналы ғұмырыңыз баянды болсын, көп жасаңыздар! Біз сізбен мақтанамыз. Мақтаныштың тұғырлы Тұлғасы бола беріңіз, Меке аға! Рекең екеуіңіз қол ұстасып, көп жасаңыздар!

Д.С. Раев, филос.ғ.д., профессор
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті,
Шығыстану факультеті, шығыстану кафедрасы

АБЫЛАЙ ХАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒА

Раев Дәулетбек Садуақасұлы — философия ғылымдарының докторы, профессор, қазақ шешендік сөз өнерін зерттеген ғалым, «2012 жылдың Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. 1981 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетінің философия бөлімін бітіргеннен кейін білім және ғылыми еңбек жолын сол кездегі Алматы шетел тілдері педагогикалық институты қазіргі Абылай хан атындағы университетте бастап, осы күнге дейін еңбек уақытысы 45 жылды құрайды, соның ішінде 25 жыл ағылшын тілі факультетінде дәріс оқыды. Дәулетбек Садуақасұлы бүгінгі күнге дейін профессор қызметін жалғастырып келеді, осы жылдар аралығында шығыстану факультетінде бір жыл ал халықаралық қатынастар факультетінде 13 жыл декан қызметін атқарды. Ғалымның еңбек жолы сонау Кеңес дәуіріндегі партиялық жүйеге сәйкес жас маман жолдамасымен «ғылыми коммунизм» кафедрасынан бастау алған. Осылайша ол алғашқы жылдары ғылыми коммунизм, философия, саясаттану, әлеуметтану пәндерін бойынша дәріс берді. Ғылыми еңбегінің басынан бастап профессор Дәулетбек Садуақасұлы философия, саясаттану, әлеуметтану, логика пәндерінен оқу құралдарын даярлап, бүгінгі күнде 420-дан аса ғылыми еңбектері жарық көрді. Бұл оқу құралдары бүгінгі күнге дейін дәріс беруде қолданылып келеді.

Қазіргі уақытта профессор қазақ билерінің дипломатиясы туралы еңбектер жазып, шәкірт тәрбиелеу барысында бес докторант ғылыми еңбектерін қорғап, тағы бірнешеуі жұмыстарын тәмамдауда.

Қазіргі таңда Дәулетбек Садуақасұлы құрметті зейнейте, соған қарамастан, Абылай хан университетінде халықаралық қатынастар және шығыстану бағытында магистрлер мен докторанттарды дайындаумен еңбегін жалғастыруда.

«Мен декандық қызмет атқарған кезеңде бірқатар күрделі мәселелер орын алды. Соның ішінде ең маңыздысы — 1986 жылғы оқиғалар, олар мәңгілік жадымызда сақталды. Аталған кезеңде жатақханада тұратын студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәулік бойы олардың жағдайын бақылау үлкен жауапкершілік жүктеді. Сонымен қатар, оқу үдерісінде түбегейлі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларын жаңарту, қандай пәндерді оқыту, оларды қандай әдістемелермен және қай тілде жүргізу мәселелері күн тәртібіне қойылды. Сонымен қатар, оқу үдерісін халықаралық деңгейде дамыту мәселесі ерекше маңызға ие болды. Атап айтқанда, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру және қос диплом беру мәселелерін енгізу негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалды. Осы бағытта алғаш рет Қытай Халық Республикасының жетекші жоғары оқу орындарымен, соның ішінде Пекин университеттерімен қос дипломдық білім беру жөнінде келіссөздер жүргізілді. Нәтижесінде алғашқы студенттер халықаралық бағдарлама

аясында Алматы қаласындағы оқу орнын тәмамдап, әрі қарай Пекинде «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша қос диплом иегері атанды. Бұл бастама аталған кезеңдегі маңызды жетістіктердің бірі ретінде бағаланды», - осылайша, Дәулетбек Садуақасұлы өз сөзінде декандық қызмет атқарған жылдардағы тәжірибесін еске алды.

Университеттің стратегиялық даму бағытына сәйкес, профессордың декандық қызмет атқарған кезеңінде «Мәңгілік ел» бағдарламасы аясында академиялық ұтқырлықты дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Университет басшылығы көтерген халықаралық интеграция және білім беру кеңістігін кеңейту мәселелерін жүзеге асыру мақсатында Батыс пен Шығыс елдерінің жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстар орнатылды. Соның нәтижесінде Оңтүстік Корея, Қытай, Германия, Польша және Чехия мемлекеттеріне студенттерді бір семестрге оқуға жіберуді көздейтін академиялық ұтқырлық бағдарламасы енгізілді. Бұл бастама университеттің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған институционалдық саясаттың нақты көрінісі болып, деканның университет ұстанымдарын табысты іске асырудағы белсенді қызметін айқындады.

Дәулетбек Садуақасұлы басшылық еткен факультет студенттері мемлекеттік деңгейде аудармашы болып қызмет атқарып, президенттің жанындағы әкімшілік корпуста аудармашы болып ағылшын тілінде, корей тілінде, қытай тілінде жұмыс жасауда, сонымен қатар БҰҰ сұранысқа ие болуда.

Бүгінде Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті — еліміздің білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар, уақыт талабына сай дамып келе жатқан беделді оқу орны. Университетімізде Дәулетбек Садуақасұлынан басқа жылдар бойы халықаралық қатынастар, әлем тілдері, аударма ісі, шығыстану және жаңа өріс алған халықаралық журналистика салаларында білікті мамандарды даярлап келе жатқан басқа да құрметті профессорлар саны жетерлік. Бүгінгі таңда әлемдік деңгейде еңбек етіп жүрген түлектердің табысы — сол жылдардағы еңбектің нәтижесі екендігін дәлелдейді.

Мелс Дана, Утегенова Асемай,
«Журналистика» мамандығы,
2 курс 221 топ студенттері

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ

Жалғасова Шолпан Әбілқызы — Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, ел білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым-ұстаз. Ол «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері (№21, 11.04.2017), бұл оның көпжылдық адал еңбегі мен кәсіби шеберлігінің жоғары бағаланғанын айғағы. Шолпан Әбілқызы еңбек жолын 1972 жылы Алматы шетел тілдер педагогикалық институтында (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде) оқытушы болып бастап, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт бойы, яғни 53 жыл бір оқу ордасында үздіксіз қызмет етіп келеді. Мұндай ұзақ әрі тұрақты еңбек жолы оның университетке деген шынайы адалдығы мен мамандыққа деген жауапкершілігін көрсетеді.

Еңбек жолының алғашқы күндерінен бастап-ақ ол университеттің оқу-тәрбие және қоғамдық өміріне белсене араласып, педагогикалық ғылымды дамытуға сүбелі үлес қосты. Заманауи оқыту әдістерін шебер қолдана отырып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді басты ұстаным етті. Оқу үдерісінде ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді ұштастыра отырып, студенттердің тұлғалық дамуына ерекше көңіл бөлді. Шолпан Әбілқызы «Жалпы білім беретін қазақ мектептеріндегі қазақ қыздарын оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды, кейіннен доцент және профессор ғылыми атақтарын иеленді. Бұл ғылыми ізденіс оның кәсіби бағытының айқындалып, педагогикалық ой-санасының тереңдей түсуіне негіз болды.

Кәсіби қызметі барысында ол көптеген ғылыми мақалалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы атанды. Оның ғылыми еңбектері КОКСОН, РИНЦ, Scopus сияқты халықаралық беделді дерекқорларға енген, бұл ғалым еңбектерінің ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланатынын дәлелдейді. Шолпан Әбілқызы республикалық және халықаралық ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік конференцияларға тұрақты түрде қатысып, мазмұнды баяндамалар жасап келеді. Ғалымның жетекшілігімен дайындалған студенттер халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Соның ішінде 2014 жылы Сүлейман Демирель университетінде өткен III Халықаралық дәстүрлі

студенттік ғылыми конференцияда шәкіртінің жетістігі ұстаз еңбегінің жемісті екенін айқын көрсетті. Бұл жетістіктер студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруда оның тәлімгер ретіндегі рөлін айқындайды.

Бүгінде Шолпан Әбілқызы университеттің кәсіподақ ұйымының, факультет кеңесінің және Проблемалық кеңестің белсенді мүшесі ретінде оқу орнының дамуына өз үлесін қосып келеді. Сонымен қатар ол «Парасат» студенттік үйірмесін және тәрбие жұмысы секциясын басқарып, жастардың рухани-адамгершілік, мәдени және азаматтық құндылықтарын қалыптастыруға айрықша мән беруде. Университеттің қоғамдық өміріндегі белсенділігі мен жоғары ұйымдастырушылық қабілеті әріптестері арасында зор құрметке ие. Ол студенттермен тығыз байланыс орнатып, олардың әлеуметтік бастамаларын қолдап, шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Шолпан Әбілқызы университеттің көркеюі мен дамуына саналы ғұмырын арнаған білікті ұстаздардың бірі. Ол оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік еңбектері арқылы білім сапасының артуына елеулі ықпал етіп, педагогика және психология саласы бойынша кәсіби кадрлар даярлауға зор үлес қосты. Лекция мен семинарларды заманауи талаптарға сай ұйымдастырып, студенттердің ғылыми ойлау қабілетін, кәсіби құзыреттілігін және сыни пайымдау дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән берді. Университеттің қоғамдық және тәрбиелік жұмыстарына белсене қатыса отырып, білім ордасының рухани-мәдени келбетін нығайтуға атсалысты. Оның тәлімін алған түлектердің бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде табысты еңбек етіп, білім беру саласында жетекші қызметтер атқаруы — Шолпан Әбілқызының студенттер даярлаудағы сүбелі еңбегінің айқын көрінісі.

Сонымен қатар ол «Меруерт қыздар клубын» және «Ақ жаулық» клубын басқарып, студент қыздардың тәрбиесіне, ұлттық болмысты сақтауға және отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған маңызды жұмыстар атқарды. Бұл клубтар аясында өткізілген тәрбиелік іс-шаралар жастардың рухани дүниесін байытып, олардың қоғамдағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Г.Қ. Сарқанбаева
Педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы



ҰСТАЗДАРДЫҢ – ҰЛЫҚТАЙТЫН ҰСТАЗЫ

Мерейтой – әр адамның өмірінде болатын, әр адамның өмірін қуанышқа бөлеп, мәртебесін көтеріп, абыройын асқақтатып, ел-жұрттың көңілінен шығып, есінде қалатын аса маңызды оқиға. Халық өзінің мақтан тұтар тұлғаларының мерейтойын ерекше атап өтеді, оларды құрметтеп, марапаттап, олармен мақтанып, өзінің ізгі тілектерін білдіріп отырады. Міне, осындай құрметті де, қадірлі тұлғалардың бірі – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Шолпан Әбілқызы Жалғасова.

Ұлағатты ұстаз өзінің бүкіл саналы өмірін Қазақстанның білім беру жүйесін жетілдіруге, елімізге аса қажет мамандар – болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауға арнап келеді. Оның қажымас күш-қайраты, жылдар бойы шыңдалған іс-тәжірибесі, терең білімі мен рухани құндылықтары болашаққа қажетті игілікті іске бағытталады. Ұстаз мамандығы – аса құрметті мамандық, ал осы ұстаздарды рухани тұрғыда жетілдіріп, кәсіби білімнің қыр-сырын меңгерту мен заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман иесі етіп шығару, яғни ұстаздардың ұстазы болу – бұл ұстаз үшін екі есе құрметті мәртебе.

Шолпан Әбілқызы осындай қос құрметке ие болған, ел сыйлаған, қоғам мойындаған бірегей тұлға.

Әлбетте, Шолпан Әбілқызының педагогикалық мәдениетінің рухани-адамгершілік, моральдық-этикалық қасиеттерінің қалыптасуына, ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым, қабілетті ұйымдастырушы болып қалыптасуына бірқатар факторлардың ықпал еткені белгілі.

Енді соларға тоқталатын болсақ, Шолпан Әбілқызы Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, Мыржық ауыл советінде дүниеге келеді. Әкесінен жастай айырылған Шолпан анасы – Мағзураның тәрбиесінде болады. Парасатты ана, халықтың қалауымен ауыл советінің председатели, депутаты қызметін атқара жүріп балаларының бойына адамгершілік қасиеттерін ерте жастан сіңісті ете біледі. Олардың білім алып, өлінің адал азаматы болып өсуіне барлық күш-жігерін жұмсайды. Халық та оны еңбексүйгіштігі, әділдігі, адалдығы, халыққа қамқорлығы, көмегі, сенімі үшін құрмет тұтады. Жасынан ұғымтал, зерек Шолпан анасынан алған үлгі-өнегесін №1 қазақ орта мектебінен меңгерген білімдерімен толықтыра түседі. Тәжірибелі тәлімгер ұстаздардың көмегімен білімге ғылымға құштарлығы артады. Оны әсіресе, география-биология пәндері қызықтырады, пәннің адам дүниетанымына, көркем-эстетикалық талғамына, эмоционалдық сезіміне берер әсері Шолпанды география-биология пәні мұғалімі болсам деген арман – асыларына жетелейді.

Оның бұл арманын Алматыдағы туған апасы, медицина ғылымдарының кандидаты, ҚазССР-ның медицина саласына Еңбек сіңірген қайраткер – Марияш Әбілқызы қуана қоштайды. Солардың берген ақыл-кеңесімен, көмек-қолдауымен, анасының ақ батасымен Шолпан Әбілқызы 1964 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты география факультетінің география-биология бөліміне келіп түседі.

Институтта ғылыми еңбектерімен елге танылған Қазақстан ғылымының мақтанышына айналған ҚР ҰҒА-ның академигі, география ғылымдарының докторы, профессор Ә.С. Бейсенова; ҚР ҰҒА-ның академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Бержанов, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Б.Р. Айтмағанбетова, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Кешен Сағатов сынды ғалымдардан дәріс алады.

Алғашқы күндерден бастап, өзінің оқуға, білімге деген ынта – ықыласымен, алғырлығымен, әншілік тума өнерімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Факультеттегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол ұйымының хатшысы болып сайланып, әрбір істі

жауапкершілікпен атқарады, оқу озаты, Лениндік стипендиат атанады. 1969 жылы, яғни институт бітірісімен Шолпан Әбілқызы өзінің білімін аспирантурада жалғастырады. Ғылыми зерттеу жұмысын тәжіктің белгілі ғалымы, қазақ ғылымына ғалымдар даярлауда елеулі үлес қосқан, ССРО Педагогика ғылымдары Академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор И. Обидовтың жетекшілігінде орындап, «Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінде қазақ қыздарын оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық проблемалары» тақырыбына кандидаттық диссертация жазады және оны жыл аралата, жоғары деңгейде қорғап шығады, ғылым кандидаты атанады.

Өзінің зерттеу жұмысында Шолпан Әбілқызы 1941-1985 жылдар аралығындағы жалпы білім беретін мектептерде қазақ қыздарының оқу-тәрбие мәселесі қандай жағдайда, қалай жүзеге асырылғандығы жайлы баяндайды, мектептердегі білім мазмұнына, оны оқыту әдістеріне, осы мәселе аясында жинақталған тәжірибелерге жан-жақты талдау береді.

Тұлғалық-адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында, ұлтық салт-дәстүрлердің тамаша өнеге-үлгісінде қаланатынын ескере отырып, қыздар тәрбиесіне аса назар аударады.

Осылайша, аспирантураны жетістікпен аяқтаған Шолпан Әбілқызы 1972 жылы Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының (қазіргі Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ) педагогика және психология кафедрасына жұмысқа орналасады. Кафедраның жетекші ғалымдары: педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Г.М.Храпченко, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Т.С. Сабыровтың және т.б. лекцияларына қатысып, ақыл-кеңестерін тыңдап, әдістемелік тәжірибесін шыңдайды.

Содан бері, міне 53 жыл, яғни жарты ғасыр бойы өзіне сенім артып, білікті маман ретінде қабылдаған университеті – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетімен бірге көркейіп, бірге марқайып келеді - алғашында оқытушы, содан кейінгі жылдары аға оқытушы, доцент қызметін атқарса, 2003 жылдан бастап университет профессоры атағы беріледі, 1996-1999 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша мұғалімдер даярлайтын Педагогикалық факультетте «Педагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндерінен жоғары кәсіби деңгейде лекция оқып, семинар және практикалық сабақтар жүргізеді. Өзінің сабақ беру шеберлігімен, гумандық көзқарасымен, заманауи технологияларды орынды пайдалануымен шәкірттерін өзіне баурайды, оларды өзіндік шығармашылық ізденіске бағдарлайды.

Ұлағатты ұстаз өзінің білімін шыңдаудан жалықпайды: Халықаралық, Республикалық ғылыми - практикалық конференцияларға қатысып, бүгінгі білім жүйесіндегі өзекті мәселелерге баяндамалар жасайды. Әдіснамалық семинарларға келіп түскен магистрлік диссертациялардың талдауына қатысып, өз ойымен бөліседі. Дәріс беріп жүрген пәндер бойынша, авторлық бірлестікте бағдарламалар даярлап, оқу - әдістемелік кешендер ұсынады. Шолпан Әбілқызы жылдар бойы студенттердің ғылыми зерттеулері мен дипломдық жұмыстарына да, Халықаралық конференцияларға мақалалар даярлауда да жетекшілік жасап, «Педагогикалық-психологиялық

Олимпиадаға» студенттер командасын даярлайды. Оның жетекшілігіндегі студенттер ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, дипломант атанса, Олимпиадаға қатысқан командалары жүлделі орыннан түскен емес.

Әдетте, «ұстазы мықтының, ұстанымы мықты», деп халық бекер айтаған. Бүгінгі таңда, терең ой мен білімділікті, зиялылық пен тектілікті, кішіпейілділік пен парасаттылықты бойына жиған Шолпан Әбілқызынан білім алған ұстаз ұстанымын өнеге тұтқан студенттердің басым көпшілігі жалпы білім беретін мектептерде шәкірт тәрбиесімен айналысса, бірқатары аспирантура бітіріп, ғылым кандидаты, профессор атанып, жоғары оқу орындарында дәріс беруде. Енді бірі, шетел елшілігінде жауапты қызмет атқарса, кейбірі магистратурада ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуда.

Атап, айтсақ, өзімен бірге бір кафедрада қызметтес шәкірті - Сейсенбек Шоқпарбайұлы Әбенбаев – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ профессоры; Дәурен Керімов –



Германия елшілігінде; Даурен Берікқажы – ақын, журнал редакторы; Танакөз Ильясова – ақын; Айжан Абылова – Шымкент қаласында мектеп директоры; Меруерт Слямханқызы Тілеубаева – PhD, қауымдастырылған профессор, Жылбек Сөнбекұлы Керімбек PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, Тоқтар Керімбек – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің оқытушысы; Г.Қ. Сарқанбаева – магистр, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖЭТУ аға оқытушысы және т.б. Мұндай нәтижеге жеткен шәкірттер саны өте көп. Егер, Шолпан Әбілқызының бір университетте жарты ғасырдан астам атқарған қызметін ескерсек, онда одан дәріс алған студенттердің саны бірнеше миллионнан асып құлайтыны белгілі. Демек, Шолпан Әбілқызынан дәріс алған шәкірттердің жеткен жетістігі – Ұстаз еңбегінің нәтижесі, Ұстаз еңбегінің жеңісі!

Кемеңгер Абай айтқандай, Шолпан Әбілқызы ақырын жүріп, анық басып, өзінің білгенін болашақ ұстаздарға үйретуден жалықпай, ұстаздық еңбегінің нәтижесін көріп, олардың жеткен жетістіктерімен мақтана білетін шапағаты мол, үлкен жүректі Ұстаз! Шолпан Әбілқызы Шетел тілдері педагогикалық факультетінің мақтанышы, абызы!

Әлбетте, Шолпан Әбілқызының ұстаздық қызметте, ғылымда, қоғамдық өмірде осындай елеулі жетістікке жетуінде отбасының орны ерекше. Жұбайы – Нариман Жалғасұлы, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Д.А.Қонаев атындағы кен істер институтының «Экология және кен жұмысы қауіпсіздігі» бөлімінің жетекшісі, Республика мен шетел мемлекеттеріне танымал ғалым.

Шолпан Әбілқызы білімнен қазық қаққан, өмірден өзінің орнын тапқан ардақты ана, немере, шебере сүйген аяулы әже! Қыздары: Айгерім – финансист; Салтанат – Автокапитал жүйесінің жетекшісі; ұлы Ерлан – психолог, гипнолог, КИМЭП магистрі, Адам ресурстарын басқару және

Автоматты басқару жүйесінің маманы. Немерелері: Әмір мен Абай Куала – Лумпур қаласының «SEGI» университетінің, Асем - Алматы Менеджмент университетінің түлектері. Абылай - Заңгер. Іңкәр – биотехнолог. Жантемір мен Ажар – Жоғары оқу орны студенттері. Еңлік пен Әмір – мектеп оқушылары.

Ш.Ә.Жалғасованың білім беру жүйесіндегі, қоғамдық қызметтегі жетістіктерін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі мен өзі қызмет етіп жүрген университеті де орынды бағалап отыр: «Құрмет грамотасы», «Білім беру үздігі» төс белгісі, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісі, «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ЭТУ-нің 70 жылдығы» төс белгісі, университеттің «Құрмет грамоталары».

Әйтсе де, екі ғасыр тоғысында өмір сүріп, оның жарты ғасырынан көбін болашақ мұғалімдер даярлығына арнап келе жатқан ұлағатты Ұстаз профессор Шолпан Әбілқызы Жалғасованың бүкіл өмір жолың, өзіндік болмысың, жеткен жетістіктерін жан-жақты баяндап шығу мүмкін емес. Мен тек оның өмірі мен қызметінің кейбір қырларына ғана тоқталып өттім.

Сөзімнің соңын белгілі ақын Ғафу Қайырбековтың:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы.

– деген тамаша өлең шумақтарымен аяқтай келе, мерей тойдың иесі

Шолпан Әбілқызына ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт, отбасына береке-бірлік тілеймін!

Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы,

**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі**

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



2025 жылғы 18 желтоқсанда Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде Қазақ филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Аққожина Баян Қанатқызының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ тілін оқытуда ұлттық дүниетаным құндылықтарын интеграциялау» тақырыбындағы республикалық дөңгелек үстел өтті. Іс-шара онлайн және оффлайн форматта ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелде жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың мазмұны мен құндылықтық бағдары, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, академиялық жазылым дағдысын дамыту мәселелері жан-жақты талқыланды. Басқосу барысында «ЖОО-да қазақ тілін оқытудың мазмұнының құндылықтық бағдары және коммуникативті құзыреттілік», «Түркиядағы тағылымдама: түрік тілін үйретудегі әдістемелік тұжырымдар және оларды қазақ тілін оқытуда қолдану жолдары», «Әлемдік тілдерді меңгеру тәжірибесі және қазақ тілін оқыту», «Академиялық жазылымның танымдық және коммуникативтік маңызы», «Қазақ тілін оқыту мазмұнында жауапкершілік құндылығын қамтудың моделі», «1-

Дөңгелек үстелге модераторлық жасаған ф.ғ.д., профессор З.Ш.Ерназарова қазақ тілін оқытудағы қазіргі әдістемелік бағыттар жөнінде баяндама жасады. Семинардың ғылыми мазмұнын Назарбаев университетінен арнайы келген п.ғ.д., профессор З.С.Күзеева, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Б.М.Айтбаева, АҚШ-тан онлайн форматта баяндама ұсынған ф.ғ.к. Қ.Тусупова, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. Ф.Ж.Тұнғатова мен Л.Ж.Хамимұлыдиновалардың баяндамалары толықтырды.

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖЭТУ Менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор М.Х.Жұбанова, Шығыстану факультетінің деканы Э.М.Қағазбаева, шығыстану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Г.Ж.Бүркітбай, қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі В.А.Измаева, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Жобаларды басқару институты, қазақ және орыс тілдері кафедрасының атынан ф.ғ.к., профессор С.А.Оданова, ҚазҰПУ-дан келген ф.ғ.к., доцент Б.М.Сұлтанова және университеттің Роман тілдері кафедрасының оқытушысы Г.О. Шалшықбаева мерейтой иесін құттықтап, құттықтау хаттарын табыстады.

Іс-шара соңында қауымдастырылған профессор Аққожина Баян Қанатқызының «Латын тілінің қанатты сөздері» атты тілашарының тұсаукесері өтті. Жинақтың маңызы атап өтіліп, оның жоғары оқу



курс студенттерін қазақ тілі курсы бойынша деңгейге бөлу әдісі», «Қазақ тілін оқыту бағдарламасы: тәжірибе, нәтиже, жетілдіру бағыттары» секілді өзекті тақырыптар қамтылды.

Іс-шара барысында Абылай хан атындағы ҚазХҚЖЭТУ-дің ғылым және инновация қызметі жөніндегі проректоры М.У.Успанова университет ректоры, академик С.Құнанбаеваның мерейтой иесіне жолдаған құттықтау сөзін жеткізіп, Аққожина Баян Қанатқызына Құрмет грамотасы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет дипломын табыс етті.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Қалиевтің шәкіртіне арналған лебізі қатысушылар тарапынан жылы қабылданды.

Университет профессоры, ф.ғ.д. Ж.Ж.Есеналиева Баян Қанатқызының өмірі мен ғылыми жолына арналған презентациялық баяндамасында ғалым-ұстаздың кәсіби қызметіне кеңінен тоқталды.

орындарының оқыту үдерісінде тиімді пайдалануға болатыны айтылды. Осы мерейтойға кафедра оқытушылары Ш.А.Нұрмышева мен Ж.Қ.Дөркенбаевалардың құрастыруымен «Жылы жүрек иесі» атты естелік кітапшасы жарық көрді. Кітапшада мерейтой иесінің ғылыми еңбектерінің тізімі, сертификаттары, алғыс хаттар мен фотосуреттері қамтылды.

Сонымен қатар мерейтой иесіне курстастары, сыныптас достары мен шәкірттері бейнеқұттықтаулар жолдады. Университет кафедралары мен жақын туыстары арнайы келіп, ізгі тілектерін білдірді.

Республикалық деңгейде өткен бұл дөңгелек үстел ғылыми-әдістемелік мазмұнымен ерекшеленіп, қазақ тілін оқыту саласындағы тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Әзірлеген:

**қазақ филологиясы кафедрасының
доценті, ф.ғ.к. Ж.Қ. Дөркенбаева**

РЕГИОНАЛЬНЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ КОНКУРС ПО БИЗНЕС-ПЛАНИРОВАНИЮ в КазУМОиМЯ им. АБЫЛАЙ хана

27 ноября 2025 года кафедра «Международный бизнес» АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана» провела Региональный студенческий конкурс по дисциплине «Бизнес-планирование» среди студентов направления подготовки «041 – Бизнес и управление» высших учебных заведений Казахстана.

**Формат проведения**

- Языки: казахский, русский
 - Форматы: офлайн и онлайн
 - Участники: студенты 3–4 курсов специальности «041 – Бизнес и управление»
- Конкурс проводился в два этапа:**

Первый этап – внутривузовский отбор, в ходе которого университеты организовали подготовку и предварительную защиту бизнес-проектов на своём уровне. По итогам отбора были сформированы команды для участия в региональном туре.

Второй этап – региональная защита проектов, которая состоялась 27 ноября 2025 года на базе КазУМОиМЯ. Участники представили свои бизнес-планы перед экспертным жюри и ответили на вопросы, демонстрируя уровень подготовки, инновационность идей и практическую значимость проектов.

Состав жюри Регионального студенческого конкурса:

Председатель жюри: Председатель отраслевого совета в сферах образования и здравоохранения НПП АТАМЕКЕН Ауэзова Эльмира Тогельбаевна

Члены комиссии:

1. Astana Hub — Международный технопарк IT-стартапов (Государственное учреждение «Международный технопарк IT-стартапов»)
2. Almaty Hub — Региональный центр цифровых технологий при Управлении цифровизации города Алматы
3. MOST Business Incubator — ТОО «MOST Business Incubator» — частная организация по поддержке стартапов и молодёжного предпринимательства
4. BRICS Allians — представитель альянса инвесторов Муктарканов Тимур Гайллолаевич

5. Товарищество с ограниченной ответственностью MEAS Group – директор, бизнес тренер, акселератор, фасилитатор Евгения Шефер

Организационный комитет:

1. Руководитель НИР, НИРС ФМОПИБ, к.э.н., PhD, профессор – Акпарова А.А.
2. Руководитель проекта «Тренды международного бизнеса», к.э.н., PhD, профессор – Сариева Ж.И.
3. Руководитель «StartUp» лаборатории, к.э.н., PhD, асоц. профессор – Абинова А.Ю.
4. Преподаватель дисциплины «Бизнес планирование», эксперт, тренер, м.э.н., старший преподаватель – Отынбай Е.Б.

В Региональном студенческом конкурсе по бизнес-планированию приняли участие 13 команд из ведущих вузов Казахстана, в том числе:

1. Международный университет «Астана»
2. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (ЕНУ)
3. НАО «Университет имени Шакарима» (г. Семей)
4. Университет международного бизнеса имени Кенжегали Сагадиева (UIB)

По итогам Конкурса жюри присудило следующие призовые места:

ГРАН-ПРИ:

Команда «QuickFix» (КазУМОиМЯ, ОП «Международный бизнес»)

1 МЕСТО:

Команда «Repair» (КазУМОиМЯ, ОП «Международный бизнес»)

2 МЕСТО:

Команда «AI Stylist» (КазУМОиМЯ, ОП «Международный бизнес»)

3 МЕСТО:

Команда «CricketOne» (КазУМОиМЯ, ОП «Международный бизнес»)

НОМИНАЦИИ:

1. Команда «Mind Spark» — «Лучшая социально значимая инициатива (Social Impact)» (НАО «Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева»)
2. Команда «EcoVision» — «Лучший региональный проект» («Международный Университет Астана»)
3. Команда «СИНЕРГИЯ» — «За эффективный полилингвистический подход в представлении социально значимого бизнес-проекта» (НАО «Шәкерім университеті»)
4. Команда «QuickFix» — «Лучшая презентация и защита проекта» (АО «КазУМОиМЯ им. Абылай хана»)
5. Команда «CricketOne» — «Лучшая инновационная бизнес-идея» (АО «КазУМОиМЯ им. Абылай хана»)

Кафедра «Международный бизнес»

Профориентационные встречи студентов КазУМОиМЯ в школах области

18 декабря мы, студенты 3 курса образовательной программы «Журналистика», приняли участие в запуске студенческого профориентационного проекта, в рамках которого провели первые выездные встречи с выпускниками школ № 29 и № 31 Алматинской области.



Мы рассказали о многогранности профессии и её востребованности сегодня, а также поделились тем, что уже в процессе обучения пишем статьи для газет и онлайн-платформ, создаём буклеты и журналы, мультфильмы, рекламу и социальные ролики, участвуем в дебатах и медиапроектах, формируя профессиональное портфолио ещё

в студенческие годы. Также школьникам была представлена информация о студенческой жизни университета, деятельности клубов, объединений и внеучебных инициативах.

Мы познакомили выпускников школ с возможностями академической мобильности - обучения за рубежом в течение одного семестра в таких странах, как Швейцария, Южная Корея, Италия и Индонезия. Две студентки 3 курса Мухаметкалиева Риза и Брюханова Дарья поделились личным опытом обучения в Южной Корее.

Мы сообщили школьникам о комфортных условиях проживания в общежитии и возможности обучения на военной кафедре.

В завершение встреч будущим абитуриентам оставили контакты для связи и Instagram-страницу образовательной программы, где можно узнать больше о жизни студентов, задать вопросы и быть в курсе новостей. Профориентационные выезды показали, что живое общение со студентами помогает школьникам лучше понять профессию и сделать осознанный выбор своего будущего. Проект будет продолжен в следующем месяце и охватит еще больше школ Алматинской области.

Айткужина Адэлим
ФММК, 3 курс, 323 группа

Победа студентов Ablai Khan University на III Международном студенческом конкурсе «Нюрнбергский процесс и современное международное право»

Студенты 3 курса Тлебалганов Диас, Мұхамбет Дастан образовательных программ «6B04202 – Международное право» и «6B04201 – Юриспруденция» под руководством ассоциированного профессора кафедры международного права Меермановой Ж.Б. достойно представили Ablai Khan University на III Международном студенческом конкурсе «Нюрнбергский процесс и современное международное право», который проходил 24–27 ноября 2025 г. в Республике Беларусь. Наши участники блестяще проявили себя на смоделированном заседании Международного уголовного суда, продемонстрировав высокий уровень профессиональной подготовки, развитую правовую культуру, уверенные навыки публичных выступлений, умение формировать и обосновывать доказательственную позицию, а также эффективно участвовать в состязательном судебном процессе. По итогам конкурса наши студенты завоевали 1-е место за лучший меморандум стороны защиты и диплом за убедительное выступление в лучших слушаниях стороны обвинения.

Эти результаты стали отражением их глубокого понимания международного уголовного права, умения выстраивать аргументацию, работать с доказательственной базой и блестяще выступать в состязательном формате судебных слушаний.



Мы гордимся успехами наших студентов, которые подтвердили высокий уровень подготовки и продемонстрировали стремление к профессиональному росту и развитию юридических компетенций.

Поздравляем Диаса и Дастана, и желаем им дальнейших побед на международной академической арене!

Кафедра
международного права

Интерактивная встреча-лекция с представителями Алматинской академии МВД РК им. Макана Есбулатова

2 декабря 2025 года на Факультете перевода и филологии состоялась встреча студентов с представителями Алматинской академии МВД РК имени Макана Есбулатова под лозунгом «Закон и порядок: Взгляд молодежи».

Спикерами мероприятия выступили:

- **Шидемов Азамат Гарифуллович**, начальник кафедры оперативно-розыскной деятельности, подполковник полиции;
- **Кабылбекова Арай Серикбаевна**, старший преподаватель кафедры оперативно-розыскной деятельности, полковник полиции;
- **Ушуров Камиль Турсынович**, начальник межведомственного центра по подготовке специалистов по противодействию наркобизнесу, подполковник полиции;
- **Жомарт Арай Шырынхановна**, преподаватель-методист межведомственного центра по подготовке специалистов по противодействию наркопреступности, майор полиции.

В начале встречи студентам были продемонстрированы видеоматериалы, освещающие современные виды преступлений, включая киберпреступность, распространенные схемы мошенничества и дропперство. Отдельное внимание было уделено уголовной ответственности и возможным последствиям участия в подобной противоправной деятельности. Просмотр видеороликов стал отправной точкой для дальнейшего обсуждения ключевых вопросов, связанных с обеспечением законности и правопорядка.

Интерактивная часть встречи включала живой диалог между студентами и представителями Академии МВД РК. Студенты продемонстрировали уровень своей осведомленности о проблемах наркобизнеса, дропперства и других актуальных угроз путем дискуссий и ответов на вопросы сотрудников Академии. Студенты также получили возможность задать интересующие их вопросы, касающиеся нюансов борьбы с преступностью, современных методов работы правоохранительных органов и профилактики правонарушений.

Встреча стала важной площадкой для расширения кругозора студентов, повышения правовой грамотности и формирования ответственного отношения к вопросам общественной безопасности. Мероприятие подчеркнуло значимость взаимодействия системы образования и правоохранительных органов в подготовке социально активных и информированных молодых специалистов.

Мероприятие было организовано Кафедрой практики речи иностранных языков.

А.М. Куркимбаева, Зав. кафедрой ПРИЯ PhD,
осоц. проф. Зам. декана по ВР
В.К. Зырянов, ФПИФ, ст. преп.

День Независимости Казахстана: путь, который начинается с нас

16 декабря — особая дата для нашей страны. В этот день Казахстан отмечает День Независимости — праздник свободы, мира и ответственности за будущее государства.

Для многих из нас независимый Казахстан — это страна, в которой мы родились и выросли. Мы учимся в современных школах, участвуем в олимпиадах и проектах, выбираем будущую профессию, поступаем в университеты Казахстана и других стран. Всё это стало возможным благодаря независимости нашей страны. Однако независимость — это не только государственные символы и торжественные мероприятия. Она проявляется в повседневной жизни и в труде людей, которые каждый день работают на благо Казахстана. Учителя открывают дорогу к знаниям, врачи заботятся о здоровье людей, ученые разрабатывают новые технологии, журналисты рассказывают о жизни страны, предприниматели создают рабочие места. Их работа — это независимость в действии.

Особое значение независимость приобретает в момент выбора. Выбора профессии, жизненной позиции. Возможность выбирать и нести ответственность за свой выбор — одно из главных достижений независимого государства.

День Независимости напоминает нам о том, что будущее Казахстана зависит от каждого из нас. Через знания, труд, инициативу и уважение к своей Родине мы продолжаем путь независимого Казахстана — шаг за шагом, каждый на своем месте.

Ли Андрей,
ученик 11 класса школы-гимназии 22

Абай өлеңдерін қытай, қазақ және орыс тілдерінде оқу бойынша VII көркемсөз оқу байқауы

27 қараша күні Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университетінің Қызыл залында Алматы қаласының студенттерінің арасында Абай өлеңдерін қытай, қазақ және орыс тілдерінде оқу бойынша VII көркемсөз оқу байқауы табысты өтті. Қыстың алғашқы күндері Алматыда салқын леп сезілгенімен, залдағы жылы әрі әсерлі атмосфера оны толықтай сейілтті.

Байқауға Абылай хан университеті, Қазақ Ұлттық университеті, Алматы мемлекеттік Педагогикалық университеті және басқа да жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары жиналып, поэзия арқылы мәдениетаралық диалог орнатты. Байқау Абылай хан университетінің проректоры Татьяна Владимировна Серёжинаның құттықтау сөзімен ресми түрде ашылды. Ол Абай поэзиясының рухани қуаты тек қағаз бетінде қалмай, жастардың оқуы мен сұхбатында жаңаша жарқырауы тиіс екенін атап өтті.

Жастардың аузында тіл — тек ереже мен грамматика ғана емес, мәдениеттерді байланыстыратын, өзара түсіністікті нығайтатын жұмсақ жіп тәрізді. Байқау дуэттік форматта өтті. Қатысушылар Абай шығармаларын түрлі сахналық интерпретацияда ұсынды. Жарық шамдары түскенде сахнаға кезекпен қазақ-қытай жұптары көтерілді. Қазақстандық студенттер Абай өлеңдерін қытай тілінде сенімді, ырғақты әрі жинақы оқып, қытай тіліне деген еңбегі мен құрметін көрсетті. Қытайлық студенттер қазақ немесе орыс тілдерінде жауап беріп, мағынаны тұрақты түрде межелі тілде жеткізу үшін интонация, темп және дыбыстауды шебер таңдады. Кейбір командалар гучжэнь аспабының сүйемелдеуін пайдаланып, музыка мен поэзияны үндестірсе, басқалары сахналық қимыл, жарықтың ауысуы, диалог элементтерін қолданып, шағын композициялық мини-спектакльдер жасады. Қатысушылардың өзара әрекеті табиғи әрі үйлесімді болды: сөздің мәнерлілігі, сахналық подача және жалпы атмосфера біте қайнасып, мәдениетаралық ынтымақтастықтың айқын нәтижесін көрсетті.

Байқау аяқталғаннан кейін марапаттау рәсімі өтті.

I-ші орынды «Жібек жолының жаңа дауыстары» командасы (Қуаныш Фатима мен Сая Сайлік) иеленді.

II-ші орынды «Абайды оқитын жас жүректер» командасына (Сайдахмет Жания мен Айзоғожы Ахмет) бұйырды.

III-ші орынды «Поэзия мен арман» (Бекматова Жанар мен Фан Цзяюй) және «Абай сәулесі» (Қанапияұлы Досхан мен Чжоу Цзиньюань) командалары бөлісті. Сонымен қатар, он бес дуэт ынтылаңдыру дипломдарын алды. Көркемсөз оқу байқауы қатысушыларға көптілділік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, бірлескен жұмыс пен сұхбат арқылы мәдениеттерді тереңірек түсінуге жол ашты. Бұл шара мәдени алмасудың күші жасанды ресми рәсімдерден гөрі жастардың күнделікті шынайы қарым-қатынасынан бастау алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Поэзия мен тілді мәдени көпір ретінде қолдана отырып, бұл байқау Қытай мен Қазақстан жоғары оқу орындарының гуманитарлық ынтымақтастығын дамытуға үлес қосты, көптілді білім беруді ілгерілетуге пайдалы тәжірибе берді және екі ел жастарының болашақта кең әрі тұрақты мәдени байланыс орнатуына негіз қалады.

Хуншан Айжаң, магистр, аға оқытушы,
шығыстану факультеті



**Ассоциированный
профессор
Факультета перевода и
филологии,
Алдабергенова А.А.
награждена
почётным знаком
«Ғылым қайраткері»**



14 декабря 2025 года в г. Астана состоялась торжественная церемония награждения лучших представителей разных отраслей Республики Казахстан.

В рамках республиканского конкурса «Ғылым қайраткері», организованного с целью популяризации среди специалистов научной сферы программной статьи Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Кемелевича Токаева «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!», награда была присуждена Алдабергеновой Айым Алдабергеновне, доктору философии (PhD), ассоциированному профессору кафедры синхронного перевода факультета перевода и филологии.

По итогам конкурса Алдабергенова Айым Алдабергеновна была награждена почётным знаком «Ғылым қайраткері», удостоверением к знаку, статуэткой и дипломом.

Республиканский конкурс является важной инициативой, направленной на вклад в развитие науки и повышение научного потенциала страны.

СУВЕРЕННОЕ ГОСУДАРСТВО



16 декабря. Эта дата давно перестала быть просто красным маркером в календаре. Для меня, представителя поколения Z, рождённого уже в суверенном государстве, это скорее матрица национального самосознания, вложенная в наш культурный код. День Независимости Республики Казахстан — это не просто государственный праздник, это точка отсчёта, момент, когда многовековая мечта степного народа наконец-то обрела не только территорию, но и политическую волю.

Когда мы вспоминаем 16 декабря 1991 года, мы не говорим о легком подарке судьбы. Мы говорим о закономерном, заслуженном итоге. Здесь невозможно обойти молчанием подвиг и доблесть участников Желтоксана 1986 года. Те молодые ребята, наши ровесники, вышедшие на площадь, были не просто бунтарями — они стали первыми сеятелями Свободы, и их непоколебимая решимость проросла зерном, из которого возшла наша государственность. Независимость, таким образом, стала не сухой декларацией, а нашим коллективным триумфом, вдохновленным честью и национальной гордостью.

Подумать только: всего за три десятилетия Казахстан совершил стремительный рывок, который многим нациям требовал столетий. Мы построили с нуля столицу — Астану, которая выросла в степи как символ нашей амбициозности. Мы приняли собственную Конституцию, утвердили национальную валюту, но самое важное — мы стали образцом глобальной миротворческой политики, добровольно отказавшись от четвертого в мире ядерного арсенала. Мое поколение не видело тех исторических испытаний, но мы унаследовали эту уникальную модель межэтнического и межконфессионального согласия, где многоголосие ста тридцати этносов звучит единым хором. Это наше неоспоримое достояние.

Однако, я понимаю, что Независимость — это не финишная лента, а лишь право на ежедневный марафон. Мы живём во время невиданных технологических скоростей и глобальных вызовов. В этом контексте истинная независимость — это уже не столько граница на карте, сколько состояние нашего ума. Это наша способность генерировать собственные, казахстанские инновации, а не быть вечными импортерами чужих идей. Это переход от сырьевой зависимости к развитию человеческого капитала как главного ресурса. И, конечно, это наша гражданская зрелость — участие в формировании справедливого и прозрачного общества, где закон — это не просто свод правил, а непоколебимый фундамент. Независимость — это ежедневный труд, который проявляется не только в торжественном поднятии флага, но и в качестве нашего образования, чистоте наших улиц и, главное, в нашей личной ответственности перед будущим.

Казахстан дал нам стартовую площадку. Он подарил нам возможность быть хозяевами своей судьбы, говорить на родном языке и выбирать свой путь. В ответ на эту великую свободу, я, как и тысячи моих сверстников, обязан дать ему своё мастерство, честность и профессионализм. День Независимости — это день, когда я ощущаю себя не просто гражданином, а совладельцем и соавтором великой истории. Перечитывая страницы прошлого, я вижу, как наши предки мечтали о сильном и свободном Казахстане. Сегодня, стоя на пороге взрослой жизни, я понимаю, что их мечта стала нашей реальностью, которую мы обязаны защитить и преумножить.

С праздником, наш Независимый Казахстан! Будущее за нами.

Сболганова Диана,

4 курс Международные отношения

**Итоги
международного
конкурса «Лучший
магистрант»**



«Адал адам — адал ұрпақ», направленной на развитие научного потенциала молодежи, профессионального мышления и интеллектуальных способностей.

По итогам конкурса магистрант второго курса по специальности «7M02316 - Синхронный перевод» Ракова Жанерке Максаткызы стала победителем и была награждена кубком, нагрудным знаком, дипломом первой степени и свидетельством.

Также научный руководитель, PhD, ассоциированный профессор и заведующая кафедрой синхронного перевода Алдабергенова Айым Алдабергеновна, была награждена благодарственной грамотой за свою научно-педагогическую деятельность.

Организаторами конкурса выступили Республиканский инновационный центр «Жаңа Қазақстан» и Национальный инновационный научно-исследовательский центр «Bilim-Örkenieti».

15 декабря 2025 года в городе Астана состоялся международный конкурс «Лучший магистрант», организованный в рамках продвижения национальной концепции

Общая редакция – Председатель Правления – Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д. филол. н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – Проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.

Ответственный редактор – Проректор по СвиВР, к.филос.н., Т.В. СЕРЕЖКИНА. Тел.: 292-54-75

Редакционная коллегия –
Пресс-секретарь:
к.п.н., Р.А. Дюсупова
Начальник издательства:
Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА,
Дизайн-вёрстка: Б.С. КЫНЫРБЕКОВ

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана».
Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство – № 497, от 25 апреля 1997 г.

Подписано в печать: 30.12.2025 г.
Заказ № 3613. Тираж 100 экз.
Отпечатано в издательстве «Полилингва» АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана», 050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 100.
Тел.: 292-08-00, вн. 24-18, 22-07
www.ablaikhan.kz